

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Заң факультеті

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**7M04208 - Құқықтың өзекті мәселелері
(ғылыми-педагогикалық бағыт)**

Түскен жылы – 2024

Семей, 2024 жыл

Факультеттің Оқу әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды

19.01.2024 ж. № 3 хаттама

Факультет ОӘК төрағасы (төрайымы)  Байгундинов Е.Н.

Университеттің Оқу әдістемелік кеңесінің мәжілісінде бекітілді

28.05.2024 ж. № 5 хаттама

Университет ОӘК төрағасы (төрайымы)  Жарықбасова К.С.



Берілетін дәреже: 7M04208 – «Құқықтың өзекті мәселелері»
білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі

| Таңдау пәні реттік № | Пән атауы | Кредит саны | Пререквизиттер | Постреквизиттер | Пәннің қысқаша мазмұнын және күтілетін нәтижелерін (білуі керек, істей білуі керек, игеруі керек, құзыреттілігі) көрсете отырып қысқаша сипаттамасын беру |
|-------------------------------|---|-------------|---|---|---|
| БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР | | | | | |
| Таңдау компоненті (ТК) | | | | | |
| 1 | Конституциялық заңнаманы қолданудың теориясы мен тәжірибесі | 5 | Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы, Әкімшілік құқық, Халықаралық құқық | Осы пән бойынша білім магистратураның барлық пәндерін оқып үйрену үшін қажет, содан кейін докторанттар үшін қажет, өйткені бұл пән іргелі негіз болып табылады | Оқу пәнін оқытудың мақсаты конституциялық заңнаманы қолдану теориясы мен практикасы туралы білімді, дағдылар мен түсініктерді кеңейту болып табылады Қысқаша мазмұны: осы курсты зерделеу шеңберінде Конституциялық-құқықтық қатынастар, олардың даму тарихы, проблемалары, перспективалары, Қазақстан Республикасында және жекелеген мемлекеттерде конституциялық заңнаманы қолдану заңдылықтары, сондай-ақ конституциялық-құқықтық нормаларға талдау жүргізу және оларды іске асыру тәртібін айқындау зерттеледі. Бұл пән оқыту нәтижелерінде көрсетілген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. |
| 1 | Әкімшілік заңнаманы қолданудың теориясы мен тәжірибесі | 5 | Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы, Әкімшілік құқық, Халықаралық құқық | Бұл пән бойынша білім магистратураның барлық пәндерін және кейіннен докторантурада оқу үшін қажет | Ұсынылып отырған бағыттың мақсаты Қазақстан Республикасында әкімшілік – құқықтық реформаларды заңнамалық қамтамасыз етудің ерекшеліктерін ашу болып табылады. Курстың мазмұны әкімшілік құқық теориясы мен практикасын, оның субъектілерін, әкімшілік заңнаманы қолданудың жалпыланған практикасын, әкімшілік ету институттарын, мемлекеттік қызметті реформалау мәселелерін, білім беру, денсаулық сақтау салаларын және қоғамдық өмірдің өзге де маңызды салаларын әкімшілік-құқықтық реттеу мәселелерін қамтиды. Бұл пән оқыту нәтижелерінде көрсетілген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. |
| 2 | Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамаларын қолданудың теориясы мен тәжірибесі | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Қазақстан Республикасында ағды адвокаттар алқасын ұйымдастыру мен қызметінің қазіргі заманғы мәселелері, Қазақстан Республикасында ағды мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу, Докторантура кезінде практикалық қызметте жерді пайдалануды және жылжымайтын мүлік объектілерін құруды құқықтық реттеу қажет | Пәннің мақсаты: магистранттардың азаматтық құқықтың қазіргі заманғы теориясы мен процесінің мәселелерін, заң шығару практикасын және қолданыстағы азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдануды зерделеу. Пәннің қысқаша мазмұны: азаматтық құқық және азаматтық заңнама ұғымы мен қағидаттары: теория және құқық шығару мәселелері; азаматтық құқықтарды қорғаудың мәселелері; азаматтық процеске қатысушылардың қазіргі заманғы сыныптамасы; Қазақстан Республикасының азаматтық процесінде дәлелдеу мәселесі; азаматтық процеске бітімгершілік келісім мен медиацияны қолданудың теориясы мен практикасы; "Жаңа Қазақстан" құру аясында азаматтық іс жүргізу заңнамасын құру тұрғысынан жаңғырту және жетілдіру мәселелері. |
| 2 | Халықаралық | 5 | Қазақстан | Қазақстан | Пәннің мақсаты: қоршаған ортаны қорғау, табиғатты |

| | | | | | |
|-------------------------------|--|---|--|---|---|
| | экологиялық құқықтың өзекті мәселелері | | Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Республикасында ағы адвокаттар алқасын ұйымдастыру мен қызметінің қазіргі заманғы мәселелері, Қазақстан Республикасында ағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу, Докторантура кезінде практикалық қызметте жерді пайдалануды және жылжымайтын мүлік объектілерін құруды құқықтық реттеу қажет | ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайлы өмір сүру ортасына адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құқық субъектілерінің қатынастарын реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар мен қағидаттар ұғымын ашу. Пәннің қысқаша мазмұны: халықаралық экологиялық құқықтың көздері мен принциптері; қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық бақылау тетіктері; қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды бейбіт жолмен шешу құралдары; халықаралық экологиялық дауларды шешу құралы ретінде халықаралық төрелік; ГАТТ/ ДСҰ шеңберінде экологиялық дауларды шешу. Курсты сәтті игеру магистранттарда құзыреттіліктер қалыптастыру арқылы мәлімделген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. |
| 3 | Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын қолданудың құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері | 5 | ҚР Қылмыстық құқығы, ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы, ҚР Азаматтық құқығы, ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Қылмысты ашу мен тергеуде криминалистикалық әдістер мен тәсілдерді жетілдіру мәселелері, Ұйымдасқан қылмыстылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресудің өзекті мәселелері, бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | Пәннің мақсаты: білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін алуға және практикалық қызметте алған қолданбалы дағдыларын шебер қолдануға бағытталған арнайы ғылыми білімдерді меңгеруі. Пәннің мазмұны: осы оқу пәні қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының құқық қолдану практикасының өзекті мәселелерін зерделеуге бағытталған. Осы курсты зерделеудің негізіне ғылыми зерттеудің, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының синтезін талдаудың іргелі және қолданбалы негіздері енгізілген. Ғылыми пәнді меңгеру оқу нәтижелерінде мәлімделген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады. |
| 3 | Қылмыстық құқық ғылымының заманауи үрдістері мен өзекті мәселелері | 5 | ҚР Қылмыстық құқығы, ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы, ҚР Азаматтық құқығы, ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Қылмысты ашу мен тергеуде криминалистикалық әдістер мен тәсілдерді жетілдіру мәселелері, Ұйымдасқан қылмыстылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресудің өзекті мәселелері, бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | Пәннің мақсаты: қылмыстық құқық пен қылмыстық заңнаманың ғылыми-құқықтық теориялық және қолданбалы проблемаларын қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қоғамдық қауіпті әрекет түрінде зерделеу. Пәннің мазмұны: оқу пәні ұлттық материалдық құқықтың проблемалық мәселелерінің қалыптасуын, дамуын және шешу жолдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ағылшын-саксон және роман-герман қылмыстық құқық жүйесінің шетелдік тәжірибесінің қалыптасуын, дамуын және ұтымды қолдану жолдарын ескеретін ғылым ретінде қылмыстық құқық саласы бағытының қазіргі заманғы үрдістерін зерделейді. Ғылыми пәнді меңгеру оқу нәтижелерінде мәлімделген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады. |
| КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ | | | | | |
| Таңдау компоненті (ТК) | | | | | |
| 1 | Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер | 5 | Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының | Осы пән бойынша білім магистратураның барлық | Пәннің мақсаты: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруда ғылыми-теориялық және құқық қолдану білімдерінің, іскерліктері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|---|
| | бойынша іс жүргізудің теориясы мен практикасы | | конституциялық құқығы | пәндерін оқып үйрену үшін қажет, содан кейін докторанттар үшін қажет, өйткені бұл пән іргелі негіз болып табылады | мен дағдыларының кешенін қалыптастыру болып табылады. Курстың мазмұны: бұл курс әкімшілік қызметтің нысандары мен әдістерін, әкімшілік құқық бұзушылықтарды сәйкестендіру мен жіктеудің теориялық аспектілерін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу практикасын жинақтаудың нысандары мен әдістерін зерделейді. Бұл пән оқыту нәтижелерінде көрсетілген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. |
| 1 | Құқықтық талдау әдіснамасы | 5 | Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | Осы пән бойынша білім магистратураның барлық пәндерін оқып үйрену үшін қажет, содан кейін докторанттар үшін қажет, өйткені бұл пән іргелі негіз болып табылады | Пәнді оқытудың мақсаты құқық философиясы мен теориясының мазмұнын терең түсінуге, сондай-ақ құқықтық ақпаратты жалпылауға бағытталған. Курстың мазмұны: осы курс аясында студенттер құқық теориясының жалпы аспектілерін, құқық философиясының негізгі тұжырымдамаларын, әртүрлі көздерден алынған құқықтық ақпаратты талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануды, сондай-ақ заң тәжірибесін жалпылайды, сонымен қатар магистранттарда Құқықтану ғылымын танудың әдістері мен әдістері туралы түсінік қалыптастыруды, оның кәсіби және танымдық бағыттар жүйесінде орналасуын зерттейді. заң салаларының эволюциялық процестерін зерттеу қажеттілігі. Бұл пән оқыту нәтижелерінде көрсетілген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. |
| 2 | Цифрлық ортадағы құқықтық көмек көрсету және киберқауіпсіздік | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | Пәннің мақсаты: білім алушыларды жасанды интеллектті қолдана отырып, ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдарды пайдаланумен байланысты құқықтық және киберқауіпсіздік проблемаларын түсіну және шешу үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету. Пәннің қысқаша мазмұны: Пән қазіргі цифрлық әлемдегі ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық реттеу және деректерді қорғау мәселелерін қамтиды. Курс сонымен қатар киберқауіпсіздікті бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелерін және киберқауіпсіздіктердің алдын алу және оларға жауап беру үшін заңды шараларды әзірлеуді қамтиды. |
| 2 | Құқықтық қызметті ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету (LegalTech) | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | Пәннің мақсаты: білім алушыларда заң қызметінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: заң саласындағы цифрландырудың негізгі тұжырымдамалары, тарихы және дамуы. Ақпаратты қорғау негіздері, тәуекелдерді басқару және киберқауіптерге қарсы тұру. Сот шешімдерін болжауды және құқықтық зерттеулерді автоматтандыруды қоса алғанда, құқықтануда жасанды интеллектті қолдану. Заң практикасында ақпараттық технологияларды пайдалануды реттеу, құпиялылық және деректерді қорғау мәселелері. |
| 3 | Интеллектуалдық меншікті және цифрлық құқықтарды реттеу мәселелері | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | Пәннің мақсаты: Интеллектуалдық меншік институтының мәні мен маңыздылығын терең түсінуді қамтамасыз ету, Нормативтік-құқықтық базаны зерделеу, цифрлық құқықтарды зерттеу және олардың интеллектуалдық меншікпен өзара іс-қимылы, құқықтық талдау мен сыни ойлауға үйрету. Пәннің қысқаша мазмұны: Курс интеллектуалдық меншік құқығының негізгі тұжырымдамалары мен көздерін, соның ішінде авторлық құқықты, патенттік құқықты және сауда белгілерін, сондай-ақ цифрлық құқықтар мен интернеттегі мазмұнды қорғауға қатысты құқықтық мәселелерді зерттеу, жасанды интеллектті пайдалану және |

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|---|
| | | | | | т. б. |
| 3 | Ұлттық құқықтық жүйеде халықаралық шарттарды жүзеге асыру | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: білім алушыларға интеграциялық процестердің әсерін ескере отырып, ұлттық заңнама контекстінде халықаралық шарттарды түсіну және практикалық қолдану үшін қажетті терең білім мен дағдыларды беру болып табылады.</p> <p>Халықаралық шарттарды имплементациялауға байланысты құқықтық және практикалық мәселелерді талдау. Ұлттық соттарда халықаралық шарттардың қолданылуын немесе түсіндірілуін қолдау үшін заңды дәлелді дәлелдер әзірлеу.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны: халықаралық құқықтың негізгі ұғымдары мен принциптері, халықаралық шарттар, ұлттық заңнама және халықаралық құқық, имплементация процесі, сот органдарының рөлі.</p> |
| 4 | ҚР адвокатура қызметінің ұйымдастырудың қазіргі өзекті мәселелері | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: құқықтық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер контекстінде адвокатураның алдында тұрған өзекті мәселелер мен сын-қатерлерді терең зерттеу. Пән білім алушылардың адвокаттық қызметті ұйымдастырудың қолданыстағы модельдерін сыни тұрғыдан талдау және бағалау, адвокатураның даму тенденцияларын анықтау және болжау, сондай-ақ адвокаттық кәсіптің құқықтық реттеу және этика саласындағы құзыреттерін қалыптастыру қабілетін дамытуға бағытталған.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі адвокатура институты; адвокаттың азаматтық процеске қатысуының қазіргі заманғы мәселелері; адвокатураның мемлекеттегі рөлі, міндеттері және қазіргі заманғы маңызы; адвокаттар алқасының құқықтық мәртебесінің өзекті мәселелері; қазіргі құқықтық жүйедегі адвокатураны реформалаудың өзекті мәселелері және Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері.</p> |
| 4 | Рим азаматтық процесі | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: Рим азаматтық процесі және оның әлемдік-тарихи маңызы туралы білім алу, құқықтық құбылыстарды, Рим азаматтық процесінің институттарын, оның тұжырымдамалық аппаратын, құқықтық құбылыстарды жіктеуді дамыту және Рим азаматтық процесінің көздерімен жұмыс істеу дағдыларын игеру, дереккөздер мен зерттеу жұмыстарын салыстырмалы-құқықтық талдау.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны: Рим азаматтық процесі: ұғымы, формалар, негізгі белгілері; Рим азаматтық процесінің тарихы Ежелгі әлемнің құқықтық тәртіп эволюциясының әмбебап моделі ретінде; республикалық кезеңдегі және принцип кезеңіндегі Рим азаматтық процесінің сипаттамасы; ежелгі Римдегі азаматтық процесінің формалары мен сот процесінің кезеңдері; Ежелгі Римнің азаматтық процесіндегі сот шешімінің заңды күші.</p> |
| 5 | Санкциялық шектеулер кезінде трансшекаралық коммерциялық қатынастарды іске асыру жағдайындағы халықаралық жеке құқық | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: трансшекаралық жеке құқықтық қатынастарды іске асырудың әртүрлі мәселелерін терең зерделеу, жан-жақты талқылау, сондай-ақ қазіргі заманғы құқықтық мәселелерінің тиімді шешімдерін тұжырымдау.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны: трансшекаралық мәмілелер: заңды және тәжірибелік аспектілері; мемлекеттік егемендік мәселесі және оның халықаралық жеке құқық үшін маңызы; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту жағдайындағы халықаралық жеке құқық; трансшекаралық корпоративтік шарт: шетелдік элементтің ерекшеліктері;</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| | | | | | <p>трансшекаралық агенттік қатынастар саласындағы мемлекеттік емес реттеу; халықаралық коммерциялық төрелік және дауларды шешудің өзге де баламалы тәсілдері; санкциялық қатынастарды құқықтық реттеу проблематикасы.</p> <p>Курсты сәтті игеру магистранттарда құзыреттіліктер қалыптастыру арқылы мәлімделген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.</p> |
| 5 | Міндеттеме құқығы: теория және практика мәселелері | 5 | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы, Мемлекет және құқық теориясы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты міндеттемелер мен шарттар туралы қолданыстағы жалпы ережелерді игеру, міндеттемелік құқықта жалпы ережелерді қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелерін анықтау. Пәннің қысқаша мазмұны: курста міндеттемелердің пайда болу тұжырымдамасын, көздері мен шарттарын қоса алғанда, міндеттеме құқығының теориялық негіздері қарастырылады. Міндеттемелерді орындау және қорғау процесінде туындайтын қазіргі заманғы құқықтық және практикалық мәселелерді талдауға ерекше назар аударылады.</p> |
| 6 | Экологиялық қылмысқа қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері | 5 | ҚР Қылмыстық құқығы, ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: білім алушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымын түсіну және саралау үшін қажетті теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды алуы.</p> <p>Пәндердің мазмұны: бұл пән қылмыстық жауапкершіліктің мәселелерін, сондай-ақ экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың ғылыми-құқықтық аспектілерін зерттейді, онда криминологиялық сипаттамалардың ерекшеліктері, экологиялық қылмыстың алдын алу егжей-тегжейлі қарастырылады және ашылады. Ғылыми пәнді меңгеру оқыту нәтижелерінде мәлімделген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады.</p> |
| 6 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері | 5 | Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын қолданудың құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: мамандардың тәжірибелік қызметі үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделі және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық атмосферасы бойынша құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін қажетті кәсіби құзыреттерді игеру</p> <p>Пәннің мазмұны: ғылыми пән сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды заңдық талдау, қылмыстық құқық бұзушылық құрамын саралаудың ғылыми негіздері, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторда жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу мен профилактикасының өзекті мәселелері бойынша кәсіби білімді қалыптастыруға бағытталған.</p> |
| 7 | Жедел-іздістіру қызметінің өзекті мәселелері | 5 | Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын қолданудың құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада оқу кезінде қажет | <p>Пәннің мақсаты: білім алушыларда жедел-іздістіру қызметі мәні туралы негізделген кәсіби көзқарастар мен пайымдауларды қалыптастыруға бағытталған жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізудің қолданбалы әдістері мен тәсілдерін пайдалану бойынша ғылыми білімді меңгеру.</p> <p>Пәннің мазмұны: ғылыми пән жедел-іздістіру қызметінің құқықтық табиғатының теориялық-құқықтық негіздерін, жедел-маңызды ақпаратты процессуалдық өңдеу және бекіту жөніндегі ережелер мен тәсілдерді зерделеуге, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер ретінде осы нақты деректерді трансформациялауға бағытталған. Ғылыми пәнді меңгеру оқу нәтижелерінде мәлімделген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады.</p> |
| 7 | Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің | 5 | Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын | Бұдан арғы тәжірибелік қызметте докторантурада | <p>Пәннің мақсаты: іс жүргізу әрекеттерінің өндірісін оның заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан бағалауға, білім алушыларда жасырын тергеу әрекеттерінің мәні туралы</p> |

| | | | | | |
|--|---------------------------------|--|---|-------------------|--|
| | тұжырымдамалық негіздері | | қолданудың құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері | оқу кезінде қажет | <p>негізделген кәсіби көзқарастар мен пайымдауларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми және арнайы білімді меңгеру.</p> <p>Пәннің мазмұны: Бұл курс ғылыми-құқықтық негіздерді, жасырын тергеу әрекеттерін, қылмыстық іс жүргізу негіздемесінің ерекшеліктерін және сотқа дейінгі тергеу сатысында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын зерделеуді және алынған нақты деректерді қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер ретінде пайдалану бойынша құқықтық талдауды көздейді.</p> <p>Ғылыми пәнді меңгеру оқу нәтижелерінде мәлімделген дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады.</p> |
|--|---------------------------------|--|---|-------------------|--|

**7M04208 – «Құқықтың өзекті мәселелері» білім беру бағдарламасы бойынша
таңдау пәндерінің
ТІЗІМІ**

Оқу мерзімі: 2 жыл
Оқу формасы: күндізгі

Түскен жылы: 2024

| п/п | Модуль № | Пәннің атауы | Пәннің коды | Кредиттер саны | Семестр |
|---|----------|--|-----------------------------|----------------|---------|
| Базалық пәндер (таңдау бойынша компонент) | | | | | |
| 1 | М 3 | Таңдау бойынша компонент 1 | | 5 | 1 |
| | | Конституциялық заңнаманы қолданудың теориясы мен тәжірибесі / Әкімшілік заңнаманы қолданудың теориясы мен тәжірибесі | KZKTTT5205/AZKTT5205 | | |
| 2 | М 4 | Таңдау бойынша компонент 2 | | 5 | 2 |
| | | Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамаларын қолданудың теориясы мен тәжірибесі/ Халықаралық экологиялық құқықтың өзекті мәселелері | AAZKT5206/XEKM5206 | | |
| 3 | М 6 | Таңдау бойынша компонент 3 | | 5 | 2 |
| | | Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын қолданудың құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері/ Қылмыстық құқық ғылымының заманауи үрдістері мен өзекті мәселелері | KKZhZ5207/KKGZ5207 | | |
| Кәсіптік пәндер (таңдау бойынша компонент) | | | | | |
| 1 | М 3 | Таңдау бойынша компонент 1 | | 5 | 2 |
| | | Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің теориясы мен практикасы / Құқықтық талдау әдіснамасы | AKBIZTP6303/KTA6303 | | |
| 2 | М 5 | Таңдау бойынша компонент 2 | | 5 | 2 |
| | | Цифрлық ортадағы құқықтық көмек көрсету және киберқауіпсіздік / Құқықтық қызметті ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету (LegalTech) | СОКККК5304/ККАТКЕ5304 | | |
| 3 | М 5 | Таңдау бойынша компонент 3 | | 5 | 3 |
| | | Интеллектуалдық меншікті және цифрлық құқықтарды құқықтық реттеу мәселелері / Ұлттық құқықтық жүйеде халықаралық шарттарды жүзеге асыру | ІМСККRM6305/UKZhHSh6305 | | |
| 4 | М 4 | Таңдау бойынша компонент 4 | | 5 | 3 |
| | | ҚР адвокатура қызметін ұйымдастырудың қазіргі өзекті мәселелері/ Рим азаматтық процесі | AKUK6306/RAP6306 | | |
| 5 | М 4 | Таңдау бойынша компонент 5 | | 5 | 3 |
| | | Санкциялық шектеулер кезінде трансшекаралық коммерциялық қатынастарды іске асыру жағдайындағы халықаралық жеке құқық / Міндеттемелік құқық: теория және практика мәселелері | SSKTKKIAZHVK6307/MKTP6307 | | |
| 6 | М 6 | Таңдау бойынша компонент 6 | | 5 | 3 |
| | | Экологиялық қылмысқа қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері / Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері | EKKKKKCrimA6308/SZK KOM6308 | | |
| 7 | М 6 | Таңдау бойынша компонент 7 | | 5 | 3 |
| | | Жедел-іздістіру қызметінің өзекті мәселелері / Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің тұжырымдамалық негіздері | ZIKOM6309/ZTAZTN6309 | | |

